

**Жас кәсіпкерлер арасындағы «Қазақстанда жасалған» атты
республикалық байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

1. Бұл Ереже «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясы жанындағы «Жас Отан» Жастар қанатының жас кәсіпкерлер арасындағы «Қазақстанда жасалған» атты республикалық байқауының (одан әрі - Байқау) өткізу тәртібін анықтайды.

Шараның басты мақсаты бұл – Елбасының Қазақстан халқына Жолдауындағы орта және кіші кәсіпкерлікті қолдауды қамтамасыз ету мәселері бойынша айтылған ойларын насихаттау, жастар арасында кәсіпкерлікті өмірдің тиімді стратегиясы ретінде жария ету.

Байқаудың міндеттері:

- кәсіпкерлікпен айналысатын дарынды жастарды анықтау және оларды марапаттау;
- жастар арасындағы еліктеу үшін нақты бейнені қалыптастыру;
- жастар кәсіпкерлігінің позитивті бейнесін мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық прогресстің негізгі факторы ретінде қалыптастыру.

2. Байқау «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясының қолдауымен өткізіледі.

3. Байқаудың өткізілуін үйлестіру «Нұр Отан» ХДП «Жас Отан» ЖҚ Атқарушы хатшылығына жүктеледі.

4. Бұл Ереже байқауға қатысамын деген ынтасы мен қызығушылығын білдірген барлық адамдарға онымен танысу үшін ұсынылады.

Ереже «Жас Отан» ЖҚ сайты мен аймақтық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

2. Байқауды өткізу кезеңдері

Байқау 2010 жылдың 8 сәуір-8 шілде аралығында өткізіледі.

5. Алдын ала кезең – байқау басталуынан 7 күн бұрын оны ақпараттық қамсыздандыру аясында байқауды өткізу туралы және қатысу жағдайлары жарияланады.

6. Байқаудың іріктеу кезеңі аймақтық және республикалық деңгейлерден құралады:

Қатысушыларды аймақтық деңгейде іріктеу:

Жоба 35 жасқа дейінгі креативті ойлары бар жас кәсіпкерлерге бағытталған.

Байқаудың қатысушылары аймақтық ұйымдастыру комитетіне келесі құжаттарды тапсырады:

- түйіндеме (байланыс ақпараты мен аты-жөні көрсетілген);
- жобалар, бизнес-жоспарлар (дайын өнімді ұсынуға мүмкіндік бар).

Қатысушылардың үздік деп танылған жұмыстары республикалық деңгейге өтуге мүмкіндік алады.

7. Одан әрі қарай іріктеу **республикалық** деңгейде ұсынылған жобаларды, олардың қысқаша мінездемесін, аймақтық комиссиялардың берілген қорытындыларын қарастыру арқылы жүзеге асырылады.

Республикалық деңгейге өткен байқау қатысушылары «Зеренді-2010» жазғы инновациялық лагерінің «Бизнес» ауысымына шақырылады (2010 жылдың шілде айы). Онда қатысушылар оқып, өзінің жобаларын жетілдіріп және лагерь аяқталарда оларды қорғайды.

Қорытындысын шығару:

Жеңімпаздарды жариялау «Зеренді-2010» инновациялық лагерінің қорытындысын шығару аясында өткізіледі. Онда 3 номинация бойынша жеңімпаздар анықталады.

Жеңімпаздарды марапаттау:

Байқаудың жеңімпаздары дипломдармен және өзінің жобаларын әрі қарай дамыту үшін арнайы гранттармен марапатталатын болады:

- «Инновациялардың жетік енгізілуі» номинациясы – 1 000 000 тенге
- «Ауыл шарушылығындағы бизнес» номинациясы – 1 000 000 тенге
- «IT-технологиялар саласындағы бизнес» номинациясы – 1 000 000 тенге.

Байқауды өткізу, қорытындыларын жариялау барысында пайда болатын дауларды шешуде соңғы сөз Комиссияда болады.

3. Байқау жобаларының іріктеу критерийлері

8. Байқау жобаларын бағалау барысында келесі критерийлер еске алынады:

Жоба келесі бөлімдерді қамту тиіс:

1. Басты бет
2. Жобаның атауы (атауда жобаның соңғы нәтижесі айқындалады)
3. Мақсатты топ (жоба кімге бағытталған)
4. Жобаның маңыздылығын дәлелдеу (Жоба елде немесе арнайы аймақта қандай мәселелерді шешеді? Бұл мәселелер кімді және неге толғандырады? Қазақстанның даму келешегіне қалай кіре алады? Бұрынғы талаптар мен мәселе шешудегі қазіргі тәжірибе. SWOT-анализ (жобаның күшті және әлсіз жақтары).
5. Мәселерді шешу ниеті (Жобаның болжамды мақсаты мен дәлелі.)

6. Жобаны іске асыру жоспары (Жоба аясында не атқарылды? Болашақта нені істеу керек екендігі? Мақсатты жүзеге асыруының деңгейлері мен мерзімдері)

7. Қажетті ресурстар (Жобаны іске асыру үшін мен өзім не істеймін? Жобаны іске асыруға кімді тартамын? Жобаға қанша қаражат керек және не үшін (кестеде)? Қаражат көздерін көрсету. Қандай ұйымдастырушылық шаралар керек болады? Жобаның серіктестері/кімнен және қандай көмек алу жоспарланған?)

8. Жобаны іске асыруынан күтілетін нәтижелер (сандық және сапалық). Жобаны іске асыруының нәтижелерін сипаттау. Жобаның іске асуы қандай қайтарым әкеледі?)

Аймақтық байқау комиссиясына тапсырылған жоба қайтарылмайды.

4. Республикалық және аймақтық байқау комиссиясының өкілеттілігі

Байқаудың барлық кезеңдерінде аймақтық байқау комиссиясының жұмысын үйлестіретін байқаудың Республикалық байқау (одан әрі - Байқау) комиссиясы республикалық деңгейде құрылады. Байқау комиссиясы өткізген әрбір кезеңде, олардың құрамы, жұмыс тәртібі мен басқа да ұйымдастырушылық кезеңдері орнында бекітіледі.

9. Республикалық байқау комиссиясының негізгі функциялары болып табылады:

- аймақтық байқау комиссиясының ұсыныстарын қарау;
- байқаудың критерийлері мен талаптарына сәйкес әрбір қатысушыдан келіп түскен материалдарға баға беру;
- үздік жобаларды анықтау және табу;
- байқауды жариялау және қажеттілігіне қарай қорытындысын түсіндіру;

10. Аймақтық байқау комиссиясының негізгі функциялары болып табылады:

- 1) байқауға келіп түскен жобаларды қарау, баға беру, сондай-ақ байқау қатысушыларымен әңгімелесу жүргізу;
- 2) аймақтық деңгейде байқаудың қорытындысын түсіндіру;
- 3) республикалық деңгейде одан әрі байқауға қатысу үшін үміткерлерге ұсыныстар беру мақсатында комиссияның қорытынды отырысын өткізу.

5. Байқау қатысушысының құқығы мен міндеті

11. Байқау қатысушы құқылы:

- 1) байқаудың өткізілу шарттары мен жүргізілу тәртібі туралы ақпарат алуға;
- 2) Осы ережені түсіну үшін аймақтық байқау комиссиясына хабарласуға.

12. Байқау қатысушысы міндетті:

1) байқауға қатысуға ұсынылған байқаудың міндеттерімен, талаптарын үйренумен танысуға;

2) Осы Ережедегі талаптарға сәйкес рәсімделген жобалар мен байқау құжаттамаларын уақытында әкелуге;

3) Осы Ережеде қарастырылған ережелер мен процедураларды сақтауға.

6. Ақпараттық қамтамасыз ету

13. Байқаудың ақпараттық қолдаушылары «Нұр Отан» ХДП медиа-ресурстары мен республикалық және аймақтық деңгейдегі баспа, телеарна, радио-БАҚ.